

Маханбетова Айжан Бекболатқызының 6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін дайындалған «Етті бағыттағы тұқымдық бұқалардың көбею қабілеттілігіне генетикалық факторлардың әсері» тақырыбындағы диссертациясына

ШҚІР

Асылтұқымдық жұмыстарын жүргізу саласында өнімділігі мен тұқымдық қасиеттері бойынша ауылшаруашылығы малдарын тиімді бағалау мен іріктеу мәселелері маңызды орын алады. Жануарлардың тұқымдық және өнімділік қасиеттерін жетілдіруде өндіруші бұқалардың маңызы зор.

Осыған орай, етті ірі қара мал шаруашылығын заманауи талаптарға сай жетілдіру және малды қолдан ұрықтандыру негізінде ауыл шаруашылығы өндірісіндегі нарықтық қатынастарды құру және шәуетті өндіруші малдың генотипіне, тұқымына және шыққан тегіне қарай генетикалық әсері мен селекциялық белгілер арасындағы байланысын ескеріп, жоғары класты өндіруші бұқаларды анықтау және оларды тиімді қолдану бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Осы тұрғыда ізденуші Маханбетова Айжанның диссертациялық тақырыбы Қазақстанның солтүстік аймақтарында өсірілетін етті бағыттағы ірі қара малы бұқаларының көбею қабілеттілігіне генетикалық факторлардың әсері зерттеуге арналған.

Диссертация тақырыбы бойынша зерттеулер ҚР АШМ 267 «Асыл тұқымды мал өсірудегі селекция әдістерінің тиімділігін арттыру» 101 мақсатты қаржыландыру жобасы аясында «Асыл тұқымды табындарда көбею мәселелерін зерттеу және төл алу шығымын арттырудың заманауи әдістерін қолдану» тақырып тармақшасы (мемлекеттік тіркеу номері номер ИРН: BR06249373-ОТ-19) бағдарламасының және «Жас ғалымдарды грантық қаржыландыру» бағдарламасы аясында «Жас ғалым 2022-2024 жж.» «Етті бағыттағы тұқымдық бұқалардың көбею қабілеттілігіне генетикалық факторлардың әсері» (мемлекеттік тіркеу номері номер ИРН: AP14972970) жобасы бойынша ғылыми-техникалық зерттеулері бойынша орындалды. Зерттеу нысаны ретінде – қазақтың ақбас, геррефорд және абурдин-ангус тұқымдарының аталық бұқалары мен олардың ұрпақтары алынды.

Ізденуші Маханбетова Айжан бекітілген әдістемелік нұсқауларға сәйкес жүргізілген ғылыми-шаруашылық зерттеулерінде қазақтың ақбас, геррефорд және абурдин-ангус тұқымдарының аталық бұқалары мен олардың ұрпақтарын таңдау, генотипі әртүрлі аталық бұқалардың тұқымы мен шыққан тегінің өнімділігі мен дене бітімі ерекшеліктеріне генетикалық әсерін бағалау, аталық бұқалар шәуетінің сапа көрсеткіштері мен ұрықтандыру қабілетіне әсерін анықтау, шәуіт өнімділігінің жыл маусымына және жасына байланысты әсеріне анықтау, аталық бұқалардың жасына байланысты физиологиялық және биохимиялық көрсеткіштерін зерттеу, бұқалардың ұрпақтарына тұқым қуалаушылық қасиетінің басымдылығын бағалау және генотипі әртүрлі

аталық бұқалар шәуітіндегі өсу гормоны гендерінің ұрпақтарына әсерін зерттеу сияқты көрсеткіштерді анықтады.

Зерттеу нәтижелерінің арқасында бұқаның генотипі бойынша 22,0%, тұқымы 14,0% және 2,0% шыққан елі бойынша генетикалық әсер ететіні және жыл маусымына қарай генотипі мен жас шамасы әртүрлі өндіруші бұқалардың жоғары өнімділік қасиеттері мен селекциялық белгілер арасындағы байланыстары анықталды және генотипі әртүрлі етті бағыттағы өндіруші бұқалар ұрпақтарының ет өнімділігін болжау үшін салыстырмалы тірі салмағының индексі (СТСИ) теңдігін пайдалануды ұсынылды.

Ізденуші Маханбетова Айжан диссертация тақырыбы бойынша отандық және шетел ғалымдарымен жүргізілген зерттеу әдістерін толық меңгерді. Зерттеу тәжірибелерінің мәліметтерін өңдеп, ғылыми тұрғыдан интерпретациялап, қорытындылап, докторлық диссертация жұмысын рәсімдеді. Диссертациялық зерттеу жұмысының құрылымы, ішкі логикасы, өзіндік жүйесі, сабақтастықпен өзара бірлестігі толық сақталған. Ол ғылыми-теориялық тұрғыдан бекітілуімен, деректі және статистикалық мәліметтерге сүйене отырып, оны ғылыми жалпы биотехнологиялық, зоотехникалық, генетикалық және биохимиялық әдістер аясында, зерттеу тәжірибелерінің нәтижелерін талдап қорытумен сипаттап келтірген. Сондықтан жұмыстың қорытындылары зерттеу мәліметтерінен туындап, олардың маңызын сақтап, көрсетеді.

Диссертация деректері мен қорытындыларын жеткілікті көлемде отандық және шет елдік ғылыми басылымдарда жариялап, республикалық және халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндап, апробацияланды.

Ізденуші Маханбетова Айжан аталған диссертацияны орындау барысында диссертантталынған теориялық білімдерін практикалық мәселелерді шешу үшін қолдана отырып, қазіргі ғылыми жұмыстарды сын тұрғысынан талдау, жинақтау және өз бетімен бағалай алатынын көрсетті. Жоғарыда келтірілген жағдайларды ұстана отырып, ізденуші Маханбетова Айжанның «Етті бағыттағы тұқымдық бұқалардың көбею қабілеттілігіне генетикалық факторлардың әсері» тақырыбындағы диссертация 6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін диссертация талабына сай жазылған, ал оның авторы философия (PhD) докторы дәрежесін алуға лайық деп санап, қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесші:
а.ш.ғ.к., Жәңгір хан атындағы БКАТУ



Ә.Шәмшідін

